




“Қазақстан қорықтары”



Ақсу - Жабағылы қорығы

1926 жылы ұйымдастырылды. Қазақстандағы ертеден келе жатқан қорық. Қорық Оңтүстік қазақстан облысының Талас Алатауы мен Өгем жотасында 74 мың га – дан астам жерді алып, төр биіктік белдеуді қамтиды. 1500 м биіктікке дейінгі төменгі белдеу - өзіне тән өсімдіктері мен жануарлар дүниесі бар дала, 1500 – 2300 м – лік далада шалғынды, бұталы ағаш өсімдіктері өседі. Мұнда **ағаш тәріздес арша** (биіктігі 20 метр аралығында), **бадам бұтасы, жабайы алма** және басқа да өңтүстіктің өсімдіктері өседі. Жануарлардан мұнда **елік, қарақұйрық, борсық, бұғы, қабан, ақ тырнақты аю** және т.б. Кездеседі.



Наурызым қорығы

1934 жылы ұйымдастырылған. Қостанай облысының Наурызым ауданында орналасқан. Мұның аумағы 87 мың га жерді алып жатыр. Қорықта көптеген көлдер бар, бетегелі тың дала қорғауға алынып зерттелуде, көлдердің жағасында бұрыннан шоқ – шоқ қарағай сақталып келген. Қорық көлеміне Наурызымдағы қарағай сирек өскен. Қорықтағы сор топырақта алуан түрлі қайың ағаштар, тек Қиыр Шығыста ғана кездесетін *малиус боката* алмасының жабайы түрлері өседі.



Алматы қорығы

1931 жылы құрылған. Аумағы 91 мың га – ға жуық, әр түрлі ландшафт зоналарында жатыр. Бұған мәңгі қар мен мұз жамылған, беткейлері шөптер мен ағашқа бай Іле Алатауы мен шағасында құмды шөлі бар Іле өзенінің атақты “Әнші тауы” Аққұм – Қалқан жатады. Көкіректегі нудан тұратын жапырақты ормандар, **долана, жабайы алма** және **өрік** жатады. 2500 м биіктіктен жоғарыда Тянь – Шань шыршасынан тұратын шыршалы орман белдеуі орналасқан. Одан да жоғары қарлы – мұзды белдеуде субальпі және альпі шалғындары болады. Қорықтың жануарлар дүниесі алуан түрлі, мұнда 60 түрге жуық сүтқоректілер мен 200 – ден астам құстың түрі бар.



Қорғалжың қорығы

1958 жылы құрылған. Қорық Ақмола облысының 237 мың га – дан астам жерін алып жатыр. Оған тың даланың қол тимеген, түрен түспеген жерлері, сондай – ақ Қорғалжын және Теңіз көлдері кіреді. Бұл жерлер дүниежүзілік маңызы бар су қоймасы мен жайылымдар тізіміне енгізілген. Қорықта жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің 331 түрі, атап өткенде, **жусан, көкпек, боз, селеу, тобылғы, бидайық** т.б. Жануарлары: **дала суыры, қоян, күзен, борсық, ақбөкен** т.б.



Марқакөл қорығы

1976 жылы құрылған. Қорық солтүстігінде Қазақстан Алтайының Күршім жотасы мен оңтүстігінде теңіз деңгейінен 1447 м биіктіктегі Азутау жотасы аралығындағы аса әсем Марқакөл шегінде орналасқан. Қорықтың жалпы ауданы 71 мың гағ оның 44 мыңын көл айдыны құрайды. Марқакөлде дәрілік өсімдік *Аралий* мен *Алтын тамыр* кездеседі.



Үстірт

Республикадағы ең жас қорықтардың бірі. Ол Маңғыстау облысында 1984 жылы құрылған. Республиканың ең үлкен қорығы Үстірт жерінде орналасқан. Климаты солтүстік шөл зонасына тән: жазы ыстық, ұзақ, қысы қатал, жауын – шашын мөлшері аз. Қорықты ұйымдастырудағы мақсат – Қазақстандағы Қызыл кітапқа тіркелген шөл зонасындағы 12 түрлі аң мен құсты қорғау және сақтау. Жануарлар арасында қорғауға жататындар: ***үстірт муфлон, қарақұйрық, ұзын тікенді кірпі, шұбар күзен, төрт жолақты қарашұбар жылан.***



Батыс Алтай қорығы

1997 жылы құрылған, ауданы 30,7 га. Қорық Шығыс Қазақстан Облысындағы Глубокая ауданында орналасқан. Алтай тау жүйесі қазақстандық бөлігінің солтүстік – баыс жағын, Холзун, Көксу және иванов жоталарын қамтиды.

Батыс Алтайға тән өсімдік жамылғысының бірнеше типі сақталған. Қорықта жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің 145 түрі, құстардың 108 түрі, сүтқоректілердің 28 түрі кездеседі. Өсімдіктерден **марал оты, алтын тамыр, жануарлардан бұлғын, аю, құндыз, сусар** және т.б. сирек аңдар кездеседі.



Барсакелмес қорығы

Қорық Арал теңізінің барсакелмес аралында 1939 жылы құрылды. Бұл арал сазды, құмды, тақырлы болғандықтан өсімдіктері де шөл далалық. Негізгі өсімдігі – **сексеуіл**. Қорықта **қарақұйрық, ақбөкен** мекендейді. Көктем, жаз айларында құстардың саны мен түрлері көбейеді. **Жылқышы, шағала, қаз, кішкене бозторғайларды** көріге болады. Су жағасында **жасыл құрбақалар көп**. Далалы аймағында **жұмырбас кесіртке** мен **кекконды ысылдағыш кесірткелер** бар. Жабайы құстары, аңдары үшін қысы қолайлы. Арал теңізінің тартылуы, өсімдіктердің азаюы, тұздылығының артуы қорықты мекендейтін ақбөкен, қарақұйрық, құландар үшін өте қауіпті.



Алакөл қорығы

Қорық 1998 жылы құрылған. Алакөл қорығы Жетісу өңіріндегі Жоңғар Алатауы мен өзендерінің табиғатын қорғау мақсатында құрылған. Еліміздегі ең терең көл – Алакөлдің де сұлу табиғаты осы қорықтың құрамында. Ол – **сазан, сом** және т.б. балықтарға қолайлы мекен. Тоғайлы, жазықты Алакөл қорығы өсімдіктерге бай. Құстардың **кекілік, қырғауыл, бірқазан, шағалалар**, аңдардан **барыс, аю, борсық**, және т.б. мекендейді. Сонымен қатар **қасқыр, түлкі, қарсақтарды** көптеп кездестіруге болады. Ауданы 197,1 мың га.



“Қазақстан қорықтары”

Дайындаған: 3 “В” класс оқушысы Бериков Мұстафа.